Облыс тұрғындары мен қала қонақтарына сапалы қызмет көрсету мақсатында соңғы үлгідегі қоғамдық көліктер санын арттыру үшін осы жылдың бірінші жартыжылдығында қосымша 150 дана үлкен сыйымдылықтағы автобустар сатып алу жұмыстары жүрді. Серіктестіктің стратегиялық жоспарына – «Қызылорда» автобус паркі» ЖШС қалаішілік жолушылар тасымалының барлық бағыттарын қамту кіреді, – деді М.Өмірбекұлы.

Жүргізілген жұмыстар мен жұрыда жүзеге асытып жоспарларға назар салсақ, автобус паркінің жанданатыны сөзсіз. Тісінен тұрғындар көңіл де тыңшу тауып, ырызалықтың табы байқалатын еді. Өйтеуір санада салмақтанған мәселелер байыппен шешіле бергеніне кез болмайтынмыз анық.

– **Блог жүргізудегі басты мақсатыңыз қандай?**
– Блог жүргізудің басты мақсаты – автокөлікке қызығатын қыздарға дұрыс беріп, толық үйреніп соңында мүмкіндік жасау. Алғашқы тікелей эфирде де, алғашқы келімі жөнінде, телефон қатысты сұрақ болса, жауап беріп беремін. Тіпті, алғашқы келімі сатып аларда рет қандай көлік алу керек, маркасы қалай таңдаған жөн, осының бәрін қатысты кенес беріп тұрамын. Маған келушілердің сұрақтары: «50-ге келдім кеші емес пе, 70-ке жақындадым, машинаны үйренгім дұрыс па?» деп сұрап жатады. Мені ойымша, білім алу үшін, ерте-кеші жоқ.

– **Өзіңіз өңгімесіңіз үшін алғыс!**
Сұқбаттасқан Дина БӨКБЕБАЙ

ӨНЕР ФЕСТИВАЛІ БАСТАЛДЫ

Жұрыда облыс орталығында «JAS Fest - 2023» студенттік өнер фестивалі басталды. Фестиваль талантисты жастардың шығармашылық шыңдалуына жол ашып ғана қоймай, музыкалық мәдениет пен өнерді жандандыруға, жаңа таланттарды қолдауға бағытталды. Жастардың рухани әлеуетін көтеріп, шығармашылық өсуіне мол мүмкіндік қарастырылған өнер додасына аймақтағы 15 оқу орны қатысуға өтініш білдірді. Бір аптаға жоспарланған өнер додасында жастар ән, би, күй өнері мен поэзия жанры және бейнероликтер байқауы бойынша сығна түсті. Сонымен қатар «Жайдарман» олимпиадасы, театрландырылған көрініс жанрлары да назарға алынды.

Алғашқы күні дәстүрлі және заманауи ән жанры бойынша 9 қатысушы өзара бақ сынады. Өн сайысына Мәдениет қайраткері, облыстық филармония әртісі Үміт Медеуова, өңші, жас жұлдыз Бекзат Молдабергенов және облыстық филармония конференциясы Амандық Жаппарбердиев қазылық етті.

АЛҒЫСҚА БӨЛЕНГЕН АЙЖАН

Медицина саласында қызмет етсем деген бала арманы оны алға жетеледі. Солай мектеп бітірген соң Қызылорда мемлекеттік медициналық колледжіне оқуға түсіп, емдеу ісі мамандығын меңгерді. Бүгінде облыстық медициналық жедел-жәрдем стансасының фельдшері Айжан Жақсылықова өз ісінің маманы.

Кейіпкеріміз медицина саласының мән-жайын бала кезден біледі деуге болады. Өйткені ата-анасы да осы салада талғай жыл еңбек етіп, ел алғысына бөленіп, зейнетке шыққан жандар. Отбасында әрі және әпкесі олардың ізін қуып, қиындығы мол саланың тізгінін ұстады.

Денсаулық сақтау саласында еңбек ететін әрбір адамның мойнында үлкен жауапкершілік бар. Соның ішінде бізге артылған жүктің де салмағы басым. Күнделікті көмек сұраған науқастың жүрегіне жол табу, құрметпен қарау, жанашырлық таныту тала маманының негізгі қасиеті болуы тиіс. Одан бөлек, жұртшылық біле бермейтін түрлі күштеме мен міндеттер бар. Сол үшін барлық әртістердің мамандығын шың шынықтыру жандар деп айтар едім. Өзім бұл саланың тыныс-тіршілігімен 2008 жылдан бастап танысып. Жылдар бойы сүйекті ісімінің қыр-сырын ұғындым. Быыл бұл салада жүргізіміне 15 жыл толады. Осы уақыт ішінде әрбір пациенттің тілін табу үшін қыр-сырын үйрендім. Оларға айтып жасырсыз өзін жанына жұтылық сайылады. Бір сәтке ауруын ұмытып, саған алғыс жаудырып қала алатындай үшін одан артық ештеңе жоқ, – деді Айжан Сейітқалиқызы бізбен өңгімесінде.

Расыммен, дертіне шипа іздеген қысылтаң шақта дәрігерден бұрын арқа сүйерің осы жандар. Қолыңа көтеріп көрмең амай дүйдер мен науқас арасында дәлгерек болып жүретін олар құрметке лайық.

Біздің кейіпкеріміз тыныштылық ісімен, жауапкершілігімен өз ортасына танылған жан. Алғашқы еңбек жолын Сырдария аудандық ауруханасының жансақтау бөлімінде бастаған. 2011 жылдан бастап қалалық жедел-жәрдем бөлімінде фельдшер қызметін атқарды. «Жұмын оң имиджін қалыптастырауда қоғам алдындағы жауапкершілігін толық түсіне білген оның еңбегі әлеуміс емес.

3. ҚОНЫСЖАН

ИСЛАМ ЖӘНЕ ІЗГІ ҚОҒАМ

«Мекке мен Мәдина жолдың ұшы, Мәдина сапар дегі ғой барған кісі!», – деп атақты Шал ақын жырлағандай киелі мекенге барып, маңдайын саждеге тигізіп дең ниеттенушілердің қатары күн өткен сайын артпаса, кеміген емес. Сондай-ақ, қазір елімізде исламның бес парызын орындауда ересектерге қарағанда жастардың белсенділігі жоғары. Ислам тұрақ Меккеге, оң діннің қанағатын жайған Мәдина қаласына барып, қажылық жасауға асыққаны жан сарайыңды ашып, ерекше әсерге бөлейді.

«Көбіңізге мәлім иманнан соңғы мұсылман мен көпірдің айырғышының белгісі ол намаз оқу. Қасиетті құранда Алла Субханы уа Тағала «Өлбетте, намаз адамды бұзықтықтан тыды, ал, Алла Тағаланы зікір ету – тібадатың ең үлкені» делінген.

Бұған қоса, Жаратқанның бұйырған істерінің иманнан кейінгісі – намаз. Парыздың парыздан артық-кемі жоқ, бәрі Алланың бұйрығы екені рас. Олай болса, намаз оқуға мал да керек емес, денсаулық та керек емес. Қияметте ең бірінші сұралатынымыз да – осы намаз. Хадисте келгендей осы намаз дұрыс болса, қалған іс дұрыс болатыны мәлім.

Қазір қоғамда жиі айтылатын өңгімелер «Намаз оқуға әлі дайын емесің!» немесе «намазды бастаған соң тастамау керек, ал мен тастап кетемін ғой» деген секілді ойлар талпынысты тұншықтырады. Кейде «Қартайғанда оқимыз» немесе қарт кісілер «Қазақ ұлымы осы, менің тілім деңдей» дейді. Осындай кезде қазықтың асылы, діни атамыздың сөзі есіміне түседі. «Көз-құлшылығым құдайға лайық болса екен деп қам жемейді. Тек жұрт қылғанды біз де қылып, жығылып, тұрып жүресек болғаны әдейі. Саудагер несесін жия келгенде «тапқаным осы, бітім деп, алсаң ал, әйтпесе саған бола жәрден мал қаспа ба?» дейтуыңы болушы еді ғой. Құдай тағаланы дәл сол сәуірдей қыламын дейді. Тілің жатық қыламын, дінін тазартып, ойлаңып, үйреніп әпек болмайды. «Білігім осы, енді қартайғанда қайдан үйрене аламын?» дейді. «Оқымдағын демесе болады-дағы, тіліңнің келмегенін қайтушы еді» дейді. Оның тілі өзге жұрттан бөлшекше жарарылып па?»

Абай қалай деп айтқан, ә? Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) «Намазды тік тұрып оқы. Шамаң келмесе, отырып оқы. Оған да шамаң келмесе, жамбастап жатып оқы» деген екен.

Өбілқайыр МҢАРБЕК

«СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС МАҢЫЗДЫ!»

Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлық заманауи қоғамның өзекті мәселесі. Ол үнемі төрен зерттеуді, белсенділікті және оған қарсы тұруды қажет етеді.

Қоғамда болып жатқан өзгерістер жағдайында елде қабылданған бағдарламалық құжаттарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне айрықша назар аударылады. 2014 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының 2015–2025 жылдарға арналған жемқорлыққа қарсы стратегиясының басты ерекшеліктерінің қазіргі кезеңдегі жұмыстың басым бағыттарының бірі – қоғамда паракорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жатады. Оны іске асыруда


барынша табыса жеткен елдердің тәжірибесін тапсау қоғамда жемқорлықты рухани этикалық деңгейде қабылдауға ауқалын қалыптастыру тиімді тәсіл екенін көрсетті.

Бұл індет мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тейтейтін, елдің халықаралық бөліне көплене түсіретіні белгілі. Ең бастысы – адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ.

Мемлекеттің қызметшілердің осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әділеттік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің көсібі әдебінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да паракорлықтың деңдеуіне септігін тигізуде.

Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуді де көрсетіп тамырын тереңдетіп түседі.

Айгүл БЕРМАХАНОВА, Қорқыт ата мемориалық музейінің ғылыми қызметкері



САЛТ-ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ

Халқымыз ежелден салт-дәстүрін заңда жазылған ережедеі сақтаған. Өр қадамында жасалу көрек ырым-жоралғыларын өз ретімен орындап отырған. Айтқандай, салт-дәстүр арқылы ұрпақ тәлім-тәрбие алған.

Өр халықтың өзінің кәсібіне, сенім-нанымына, тіршілігіне байланысты қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын салт-дәстүрі болады. Халқымызда үйлену салтына, жаңа туған сәбиге байланысты, қонақ куту мәдениеті туралы маңызы мен мәні өлі күнге жоймай келе жатқан салт-дәстүр көп. Кейбірі заман талабына сай өзгерістерге ұшыраған болса, кейбірі боямасыз бүгінгі ұрпағына жетіп, қолданыста. Салт-дәстүр байлығы – мәдениеттің

байлығы. Мысалы, ата-ананы, үлкенді құрметтеу, байғазы, көрімдік, сүйінші, кәде сұрау, ат тергеу, құрдастық қалжың, т.б. салт-дәстүрге жатады. «Ел болам десең, бесіңді түзе» деп заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов айтқандай, қай ғасырда, қай қоғамда болмасын ата-ана міндеті –саналы да салықалы ұрпақ тәрбиелеу. Ендеше ұлт үшін салт-дәстүрлердің ұрпақ тәрбиесінде алатын орны ерекше. Ұлттық болмысты сақтап қалу,

құндылықтарды қастерлеу, ата дәстүрді дәріптеу, насихаттау – басты пары. Ұлттық рухты бойға сіңіріп, жалпы адамзаттық оң үрдістерді үйрене отырып тәрбиеленген адамның, әлемдік ерекшелікті көшінен қалмай, оның озығынан үлгі алатын халықтың келешегі жарқын.

Ғазиза ЕРЛАНОВА,
№5 мектеп-лицей оқушысы

МАҒЖАН СЕНТЕН ЖАСТАР...

ПСИХОЛОГИЯ ЖАЙЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

«Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қыраңдай күшті қанатты,
Мен жастарға сенемін» – деген өлең жолдарынан Мағжан Жұмабаев атамның келешек жастардан көп үміт күткені көрініп-ақ тұр. Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн бола білген, ұрпақ болашағы үшін белді бекем бұған Алаш арысының ақындық өнері ерекше. Шоқтығы биік шығармаларының ішінде «Мен жастарға сенемін» өлеңінің маңызында негізгі патриоттық гән бұтін болып ойнап келгенін жасап жүрген ныз-життерге не айта аламыз? Қазаққа сөйлеуді ұят көріп, бейпіл сөзбен аузын байлағандар бар. Онай олжа үшін ойландырып, ұлттық құндылықтың төмендеуіне түрткі болып ұлтымыздың болмысына дат түсіреді. «Бір құмалақ бір қарын майды шіртеді» демекші жас күнін арзан күлкі мен ойынға арнаған жастардың теріс әрекетіне тоқтап қойған ләзім. Жақын Абай айтқандай бес асылға асық, бес дұшпаннан қашық болған жән. Жарқын болашақтың босағасын жалтақтамай аттау үшін кемелгерлік пен көрегенділікті жанға жақын тұтқан абзал. Сонымен қатар, сөйлейтін сөзді де сана сузгінен, ой елпегені өткізіп, алға ұмтылуды мақсат етсек алыңбайтын асу болмас. Себебі, ел ертең терең білімді нем қабілетті жастардың қолында.

Айна БЕГЛЫ,
№281 орта мектептің оқушысы

МОБИЛЬДІ КІТАПХАНАНЫҢ МАҢЫЗЫ

Қазіргі заманғы кітапханалар ақпарат пен құжаттарға сұранысты қанағаттандыру үшін оқырмандардың барлығына дерлік қолжетімді болу керек. Мобильнді кітапхана – кітапхананың жаңа қызметі, тәжірибелік біліктілік, келешек.

Қазір адамдар интернет желісіне смартфондардың көмегімен кіріп, керек ақпаратқа қол жеткізе алады. Бүгінде ата-анасы қазақша сөйлесе де, баласының тілі орысша шүндіріп шығатын отбасылар аз емес. Сондықтан үлгідегі баланы смартфондағы контентті тәрбиелеп отырағанын мойындауымыз керек. Бала экраннан көргенін ешкімнің үйретуіне, бағыт-бағдарының қайталайды. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуы дамыту моделінің» жаңалығын іске асыру аясында, әр топта кітап бұрышын ұйымдастыру қолға алынғаны, балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру негізгі міндетке айналғаны белгілі. Осыған орай «Бегім ана» бөбекжай-бақшасында кітап бұрышын ұйымдастырумен қатар ата-аналар мен балаларға арналған ерекше «Балалар мобильді кітапханасы» ашылды.

Мобильді кітапханада түрлі жанрдағы, атап айтсақ, «Халық» ертегілері, «Қиял-ғажайып» ертегілері, «Хайуанаттар» туралы ертегілерін және шығармашыл ұжымның бұған дейін де «STEAM» дамытушы орталығында «Мультстудияда» түсірілген анимациялық ертегілерді тамашалауға болады. Ертегілердің барлығы дерлік балабақша тәрбиешілерінің даусымен жазылған. Сонымен қатар ертегілерді көру планшеттің немесе ұялы телефонның QR код программасы арқылы жүзеге асады. Осы орайда ата-аналар мен балалардың мобильді кітапханаға деген қызығушылығы жоғары екендігі байқалады. Оның дәлелі балалардың қызығушылығына қарай, ата-аналар балаларымен бірге отырып ертегілерді көрі. Басқа да қызыққан ертегілерінің QR кодын ата-аналар сақтап алып, балаларымен үй жағдайында да тамашалауда.

Баланың жан жақты дамуы басты назарда. Бала – болашағымыз, сол үшін әр күнін қызықты, мағыналы, есте қаларлықтай өтуі үшін бөбекжай бақшада түрлі бағытта, жаңашауа сипаттағы жұмыстар қарқын ала береді.

Айгерім ЕМБЕРГЕНОВА,
«Бегім ана» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі

ТЕАТРҒА ҚАШАН БАРДЫҢЫЗ?

Театр – мәдениеттің ошағы, өнердің ұйытқысы. Ел мәдениетін театр арқылы да еркендет аламыз. «Әдебиет пен өнер ұлы болмаған жерде ұлт та ұлы болмайды» деген Ғабит Мүсірепов. Кез келген елді ерекшелігін, салт-дәстүрі, салт-санасы мен тарихы, рухани дүние танымы екені белгілі. Театр өлемі адам баласының жан дүниесін байытты, ізгілікке, махаббатқа, сыйабылыққа, ақ пен қараны ажырата білуімен қоса адамгершілік тәрбиелейді. Бұл ретте маған осы ойды сіңірген қазақ тілі әдебиетінің мұғалімі Айгерім Пралиеваға алғысым алғаусыз.

Театр – ұлттың ұйытқысы. Менің ерекшелігім: осы әлемді жақсы көруімде. Мысалға алатын болсақ, адамдардың көбі кітап немесе музыка, театр өлеміне бойлағанда жан тыныштығын табады. Бірақ театр табалдырығын жастардың жиі аттамауы алаңдатады. Сол себепті замандастарыма театр өнерін түсіндіріп, еліміздің салт-дәстүрі мен салт-санасын терең ұғындыратын мәдени ошағымызды барынша қорғап қалуымыз тиіс. Сахна демалатын, ойын-сауық үшін келетін орын емес. Ол – рухани тәрбие алатын ошақ. Қорытындылай келе, театрдың ерекше екенін, оның кино желісінен де қиын екеніндігін түсінуіміз керектігін айтқым келеді. Қоғам

қайраткері Илияс Жансүгіров «Театр – көрінгеннің ермегі емес, еңбек. Еңбектің көркемі. Театр – көңіл көтерудің ғана орны емес, мәдени ошақ деген орамды ойын қосамын. Ендеше жанымыз рухани таза болсын, ұлтымыздың жаңа болмысы қалыптассын десең, өнерді бағалап, театрға бару керек. Ал сіз театрға соңғы рет қашан бардыңыз?

Арайлым ЖАЛҒАС,
I.Қабылов атындағы
№12 ІТ мектеп-лицейінің оқушысы

Ғалам дамыған сайын жаңа технологиялардың игілігін көріп келеміз. Бірақ нәтижесінде дене еңбегі азайып, жұртшылық оймен жұмыс істеуге көп көңіл бөлетін болды. Бұл ретте салауатты өмір салтын ұстанып, физикалық тұрғыда шыңдалудың маңызын түсіндіруді қолға алуымыз керек.

Таңертеңгі жаттығу жасап, күн тәртібін қозғалыста бастаған жан күні бойы өзін еркін ұстайды. Сол арқылы өрбір қадамы сәттілікке толы болып жатса, қуанарлық іс. Әкінішке қарай, бұл бағытты алға қойған жандардың қатары сирек. Сондықтан біз мектеп оқушыларынан бастап осы дағдыны қалыптастыруға жұмыс істеп келеміз. Бүгінде мектеп оқушыларына дене шынықтыру пәнінен мүмкіндік жоғары. Спорттың қай түрімен айналысамын десе де, үйірмелер тұрақты жұмыс істеп келеді. Биылдың өзінде бірнеше аудандық және облыстық жарыстардан жүлде алдық. Спорттың қай түрінен болса да мұндай шыққан шыңдар жетерлік.

Ел арасында қазақ топтық сайыста емес, жеке спортта алда келетін деген жаңсақ пікір қалыптасқан. Жоқ, олай емес. Біз жастар арасында волейбол, баскетбол, футбол ойындарынан өткен бәсекелерде бәсіміз биік екенін байқауымыз жүрміз. Өйткені, осы бағытта мұғалімдер арасында да дәстүрлі спартакиада өткізу қолға алынған. Біздің білім ошағы аталған дүбірлі додалардан топ жарып, алдыңғы қатардан көрініп келеді. Шыңға бастаған шәкірттеріміз де қанжығамызды майлап жүр. Мысалы, мектеп оқушылары арасында өткізілген аудандық күзгі спартакиададан үстел теннисінен I орынды жеңіп алды. Бейеге бапталған жүйріктердей өркез үмітімізді ақтауда. Жақында аудандық деңгейдегі сайыстан топ жарып, облыстық жарысқа жолдама алып, абыройымызды асқақтатты. Наурыз мерекесі қарсаңында «Ұлттық спорт – ұлт салауаты» атты сайыста шәкірттеріміз жүлдеге кенелді. Жетекшілігіміздегі Шәкірбек Диас III орынды иеленсе, шәкіртім Сейтжан Ринат I орынның биігін бағындырды.

Ұстаз мерейі шәкірт жетістігі арқылы үстем болады. Шәкіртің шыңға шықса, өз балаңның асудан асқанындай қуаныш. Алдағы уақытта да жеңімпаздар тәрбиелеу бағытында еселі еңбек ете береміз.

Ғазиз ҚЫРДАНОВ,
№44 орта мектеп мұғалімі,
Қоғалыкөл ауылы.

ДЕНІ САУ ҰРПАҚ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ



Соңғы уақытта «Қайсар» командасының ойыны ширақ, ұпайы түгел. Ойынға дайындығы да көңіл көншіте бастады. Мұндай он нәтижелі футболдан ел біріншілігінің бесінші турынан да аңғару қиын емес. Жуырда Премьер-лигада бақ сынаған қызылордалық «Қайсар» өз алаңында Қарағандының «Шахтерін» қабылдады. Аталған ойынның бағыт-бағдарын саралап көрелік.

Есте болса, биыл екі команданың да аяқалысы сәтсіз басталды. «Қайсар» алғашқы үш турда бір ғана ұпай еншілесө, төртінші турда сырт алаңда Ақтаудың «Каспийін» жеңіп, жанкүйер көңілін бір серпілтіп тастағандай. Қарсылас – қарағандылық клуб да төрт ойында ұпай олжалап, турнир кестесінде төменгі орынға жайғасқан еді.

Содан болар, қос команда бұл ойыннан үмітті болды. «Ф» дегеннен шабуыл үдеп, алғашқы минуттан қарбаласқа ұласты. Қарағандылық клуб бірінші шабуылында «Қайсар» қақпасынан саңылау тапты. Қызылордалық қорғаушылардың қателігін пайдалана білген «Шахтер» шабуылшысы Иван Сағидов командасын алға шығарды.

Алаң иелері де қарап қалмады. Бірден тізгіңді қолына алуға тырысып,

қос қанаттан шабуылды көбейтті. Қарағандылық клубты тықсыруға көшіп, бірнеше мәрте бұрыштама добы берілді. Осындай сәттердің бірінде «Қайсардың» жартылай қорғаушысы Горан Милойко ұлттық құрама қақпасын күзетіп жүрген Игорь Шашиқиді қапы қалдырып кетті. Бұл – ойынның 19-минуты болатын.

Жерлестеріміз бұдан кейін де тізгіңді өз қолына алуға тырысты. Белсенділігі байқалып тұрды. Нәтижесінде 39-минутта қызылордалық қорғаушы Әділет Кеңесбектің тепкен добы қақпа торында тулап жатты.

Ойынның екінші кезеңінде қарағандылық команда есепті теңестіруге ұмтылды. Тоқсан минут түгелсіз тұста олардың басымдығы байқалып тұрды. Десе де таблодағы есепке өзгеріс енген жоқ. Нәтижесінде «Қайсар» қарсыласынан 2:1 есебімен басым түсті. Турнир кестесінде сегізінші орынға көтерілді.

Енді жерлестеріміз алдағы ойынның 15 сәуірінде Талдықорғанда «Жетісу» командасына қарсы өткізеді.

Айта кетсек, бесінші турда «Қайрат» өз алаңында «Жетісуға» 2:3, «Тобыл» «Астанаға» 0:1 есебімен есе жіберсе, «Ордабасы» мен «Ақтөбе» 1:1 есебіне қанатат білдірді.

Сондай-ақ, «Оқжетпес» «Ақсуды» 3:0, «Мақтарал» «Каспийді» 3:1, «Қызылжар» «Атырауды» 1:0, «Қайсар»

«Шахтерді» 2:1 есебімен тізе бүктірді.

Айта кетейік, бұған дейін футболдан Премьер-лига командалары арасындағы ел біріншілігінің 4-турының алғашқы ойыны өткен болатын. Онда Ақтаудың «Каспий» командасы мен Қызылорданың «Қайсары» кездесті. Ақтауды стадионның дайын болмауына байланысты ойын Алматы қаласындағы «Жас Қыран» стадионында өткізілді.

Қазірге дейін командалар турнир кестесінде төменгі орындарда келе жатқан еді. Ақтаулық ұжым үш турда бірде-бір ұпайға қол жеткізе алған жоқ. Ал қызылордалық клубтың еншісінде небәрі бір ғана ұпай болды.

Ойын басынан қос команда бірден шабуылға көбірек шығуға көңіл бөлді. Көп сәтте «Қайсар» ойыншыларының белсенділігі байқалды. Нәтижесінде олардың қатарынан 27, 32-минуттарда Василий Сопель екі мәрте мергендік танытты.

Ойынның 54-минутында қызылордалық клубтан Бақдаулет Зұлфикаров есепті үстемелей түсті. Ал 63-минутта «Каспий» сапынан Алексей Зелески пенальтиден мулт кеткен жоқ.

Осылайша «Қайсар» қарсыласынан 3:1 есебімен басым түсіп, биылғы біріншіліктегі алғашқы жеңісіне қол жеткізді. Турнир кестесінде олар сегізінші орынға көтерілсе, ақтаулық клуб соңғы орынға сырғыды.

СҮРМЕРГЕНДЕР САЙЫСЫ ӨТУДЕ



Қоржынымызда 8 медаль. Оның біреуі алтын. Шымкент қаласында тапаншамен және винтовкамен нысана кездеуден халықаралық гран-при өтіп жатыр, деп хабарлайды «Хабар 24».

«Алтын мерген» деп аталатын жарысқа қазақстандық спортшылардан бөлек, Қырғызстан, Тәжікстан, Ресей және Беларусь елдерінен 200-ге жуық сұрмерген жиналды. Олар 1 аптаға жуық уақыт бірнеше бағытта өзара мықтыны анықтайды. Яғни, жеке-өзі сындарда 15, ал аралас сындарда 3 медаль жиынтығы сарапқа салынбақ. Алғашқы жарыс күндері жерлестеріміз арасынан Никита Чирюхин сәтті өнер көрсетіп, жарыс жеңімпазы атанды. Ол тапаншамен 25 метрден нысана кездеу бәсекесіне қатысқан болатын.

Айта кетейік, Никита әлемдік рейтингте қазір 6-шы тұр. Бұған қоса ұлттық құрама сапындағы Елизавета Безрукова мен Кирилл Кузьмич күміс медаль еншіледі. Аралас жұптық сында да бір күмісіміз бар. Ал Андрей Худяков, Артемий Кабаков, Юрий Юрков және Фатима Ирназарова сияқты жерлестеріміз қолаға қол созды. Жалпы, есепте өзге Ресей мен Беларусь спортшылары топ бастап келеді. Тіпті Беларусь өкілі Юрий Щербачев пен Владимир Чернов рекорд орнатып та үлгерді. Шымкенттегі жарыс 12 сәуірге дейін жалғасады.

ЭЛЬМИРА СЫЗДЫҚОВА ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ



Әйелдер күресінен Қазақстандық Эльмира Сыздықова Астанада өткен Азия чемпионатында алтын медаль жеңіп алды.

76 келіге дейінгі салмақта финалда ол қырғызстандық Айпері Медетқызымен шеберлік байқасты. Қазақстандық балуан қарсыласынан жинақы құмыл көрсетті. Нәтижесінде қарсыласын жеңіп, Азия чемпионы атанды.

Бұл медаль Қазақстан әйелдер құрамасы үшін АЧ-дағы алғашқы алтын медаль.

Айта кетсек, Э. Сыздықова биыл еліміздің VI жазғы Спортқаидаасында топ жарды. Эльмира осыған дейін Азия чемпионатында 1 алтын, 2 күміс, 3 қола алған еді.

ИЛЬЯ ИЛЬИН ДЕПАРТАМЕНТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН ЖАТТЫҚТЫ



Әлемнің төрт дүркін чемпионы Илья Ильин Қызылорда облысы бойынша экономикалық тәргеріпкерлер департаментінің қызметкерлерімен бірге арнайы жаттығу өткізді.

Қаланың спорт-сауықтыру кешенінің фитнес залында өткен жаттығу барысында әлем чемпионы қызметкерлерге бағыт-бағдар беріп, спорттағы жаттығудың маңыздылығына тоқталды. Сондай-ақ, бірге жаттығу жасап, қызықты сәттерімен бөлісті.

«Маған сіздерден ұсынғыс түскенде қатты қуандым. Бірден келісімді де бердім. Білгенімді үйретіп, кішкене болса да көмегім тиіп жатса, бұл мен үшін қуаныш. Қазіргі таңда Астана қаласынан жеке зал ашып, сонда жаттықтырушы болып жүрмін. Алдағы уақытта жоспарларым көп, - деді чемпион Илья Ильин.

Өз кезегінде түрлі жаттығудың үлгісін көрсетіп, нақты ережелерімен таныстырған Ильинге қызметкерлер алғысын білдірді.

«Бізде үнемі жаттығу болады. Спорттың футбол, волейбол түрлерінен ойын өткізіп тұрамыз. Бірақ бұн арнайы кәсіби маманмен бірге жаттығу жасап, бір серіппе қалдық. Біздің ұсынғысымызды қабылдап, өз тәжірибесімен бөліскен чемпионға ризашылығымызды білдіреміз», - деді ұйымдастыру-бақылау басқармасының басшысы Искандер Құрақбаев.

Бетті дайындаған: Б.ШАҒЫРПОВ



Қазақстанда дамып келе жатқан спорт саласының бірі – дзюдо. Жас таланттар түрлі сайыста топ жарып, ел абыройын асқатқатуда.



Мәселен, Дидар Хамза, Мағжан Шамшадин, Гусман Қырғызбаев, Нұрлыхан Шархан Аруна Жангелдин секілді спортшылар отандық дзюдо мектебінің жаңа дәуірін қалыптастыруда.

Елдегі дзюдошылардың біліктілігін нәтижесінде Қазақстандағы додалар әлем

ие болды. Халықаралық дзюдо федерациясының (IJF) ережелері бойынша чемпиондар 100 ұпай, күміс жүлдегерлер 60 ұпай, қола жүлдегерлер 40 ұпай алу керек. Бұл ұпайлар спортшыларға Әлем чемпионы атануға іріктеу жарыстарына қатысуға мүмкіндік береді, - дейді Мәдениет және спорт вице-министрі Сарсен Құранбек.

Расында, биылғы бәсекеге 11 елден 700-ге жуық спортшы жиналды. Нәтижесінде ұлттық құрамадағы жасөспірім қыз-жігіттер 27 медаль жеңіп алды. Оның 9-ы – алтын. Өсіресе, Нұрбол Асқар, Нұрлан Исатаев, Еркебұлан Орынбаев, Еділ Ерболұлы, Шерхан Алпанов және Досбол Балғабайлар қарсылас шак келтірмеді.

Қыздар арасында Зере Өтепқали, Сәулемай Сағитжан және Гүлдана Теңгелбаевалар жеңімпаз атанды. Осының арқасында жалпыкомандалық есепте бірінші орынға тұрқатадық. Үздік үштікті

«Дзюдошыларымыз Азия кубогында үздік нәтиже көрсетті. Жеңімпаздарға реинттік ұпай берілетін болғандықтан осал қарсылас болған жоқ. Жас спортшылардың жетістіктері отандық дзюдо күресі дұрыс бағытта дамып жатқанын және болашағы зор екенін көрсетеді. Елімізде аталған спорт түріне ерекше көңіл бөлінеді. Мәселен, жаңа әрі қолжетімді спорт нысандарын салып жатырмыз. Сондай-ақ дзюдо өте жоғары деңгейде дамыған Франция сияқты елдерден жаттықтырушы-кеңесшілерді жиі шақырамыз. Спортшыларымызды»



ДЗЮДОДА ҮМІТ АҚТАЛДЫ

назарына ілігіп келеді. Өрбір жарыс жаңа сипат алып, мамандардың оң пікіріне ие болуда. Сондай айтулы жарыстың бірі – Бекет Махмұтовты еске алуға арналған Азия кубогы. Биыл аталған сайыс халықаралық дзюдо федерациясының күнтізбесіне еніп, жеңімпаздар мен жүлдегерлерге рейтингтік ұпай берілді.

«Бұл жолы турнирге 700-ге тарта спортшы қатысты. Бірнеше күнге созылған тартысты бәсекеде Қазақстан құрамасы турнирді жалпы медальдық есепте бірінші орынмен аяқтады. Біздің жас дзюдошылар 7 алтын, 6 күміс және 14 қола медаль жеңіп алды. Алғашқы үштікке Өзбекстан мен Қырғызстан командалары да кірді. Жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері рейтингтік ұпайларға

Өзбекстан мен Моңғолия түйіндеді. Сонымен қатар Азия кубогы аясында төрешілерге арналған халықаралық семинар-емтихан өтті. Нәтижесінде қазақстандық 3 маман, яғни Самат Сапшев, Николай Ивановқа IJF континенталды судьясы атағы берілсе, Асхат Жіткеев сынақты сәтті тапсырып, халықаралық дәрежедегі төреші атанды. Бұл – қазақстандық төрешілердің тың тәжірибе мен жаңа білім-білік алуының жалғасы. Бұған дейін де көптеген жаттықтырушы мен төреші халықаралық деңгейдегі маман есебінде мойындалғаны бар.

жетістіктерімен құттықтаймын және болашақта оларға бұдан да жоғары нәтижелер тілеймін», - деді Сарсен Құранбек. Айта кетейік, биыл қалдеттер мен жастар арасында Бекет Махмұтовты еске алуға арналған дзюдодан Азия кубогы алтыншы мәрте өткізілді. Жарысқа 2006-2007 және 2003-2005 жылғы спортшылар қатысты.



Тарих төрінен алтын өріптермен орын алған атақты Лапиндер мен Қожықовтардың кіндік қаны тамып, табанының табы қалған қасиетті топырақ Қоғалықөл жері – күнді жәдігерлерге толы. Қойнауында сырлы шөжіресі мол алақанда ауылда сондайдан Құлболды Ишан бабамыз кұмбал мәнмұндайлы. Алғай мен Атырау арасындағы атын жалғар бала сұраған, жанына пана сұраған талайлар баба басына келіп, арман-тілектеріне жетіп келеді. Бүгінде баба басындағы үйдің төрінде ілулі тұрған шапан бабаның қалған мұрасы ретінде сақталған. Осында келген жұртшылық төбөрік деп, шапаның төменгі жағынан кесіп алып кетіп жүреді.



– Құлболды Ишан бабамызға бұл шапан Меккеде берілген екен. Ишан атағын алған сол кезде асатаяқ, мөр және шапан берілген. Бүгінде шапан төрде ілулі тұр. Оның кендігі де белек. Бабамыз оны айт намазында киетін болған. Шапаны сүйретіліп, асатаяғын ұстаған бабамыздың әрбір әрекеті ел ішінде аңыз боп айтылады. Қазақстанның барлық өңірлерінен келушілер бар. «Алла тағала ниетіне қарай береді» дейді ғой, он жылдап құрсақ көтере алмаған талайлар жылдар айналып, кішкентай нәрестемің келіп, тіпті, тұсауын да осында кестіріп жатады. Бабамыздың шарапаты тиген тұстар жетерлік. Тіпті, ауыр науқасқа, қатты бір дертке шалдықандар да келеді. Олардың бірнеше жылдан соң баба басына түнен кетейін деп келдім, ауруымнан құтан таза аяқтықым дегендерін көргенде қуаныштан кез жасымызға ерік бермейміз. Иә, осындай ерекше жағдайлар жетерлік, – дейді шырақшы Абылаева Әсия Мәдібекқызы.

Құлболды Ишан бабамыздың ұш ұлы болған. Омар, Әбубәкір және Пазыл. Пазыл – әкесінің ізіні басып, Ишан болған кісі. Қарашырақта болған. Ол кісінің көріпкелді қасиеті болыпты. Адамдардың алыстан шын ықыласымен келе жатқанын біліп отырады екен. Құлболды бабамыздың барлық қасиеті Пазыл Ишанға қонған. Бүгінде қарашырақтың түтінін түтетіп отырған Әсия Мәдібекқызы жұртшылыққа шарапаты тиіп жүрген баба басында шырақшы болып отырғанын мақтан етеді.

– Қанша жанның қуанышына күй болдым. Біреулер бала сұрайды,

біреулер дертіне шипа сұрайды. Олардың әрбірінің Алладан қол жайып, бабадан жәрдем сұрағаны орындалып жатса, мен үшін үлкен қуаныш, үлкен мақтан. Қалай болғанда да тілегенің орындаулы адам баласының ниетіне, ықылас-пейіліне байланысты, – дейді шырақшы ана.

Иә, бабадан қалған аңызға бергісіз оқиғалар жеткілікті. Бір шапаннан туған ой талай ұрпаққа өткеннен қалған бір белгі болары сөзсіз. Мұндай үлгідегі жәдігерлер Қоғалықөлде жетерлік. Расында, кешегі күннен қалған жәдігерлер тарих толқынындағы талай оқиғадан сыр шертеді. Сөзіміздің дәлеліндей болсын, осындай тағы бір көне жәдігер Ыдырысовтар әулетінде. Ғасырдан аса тарихы бар құты сақтаулы тұр.

Құтының сыртында «Отъ Туркестанского генераль-губернатора. 1882 г.» деген жазу қашалып жазылған. Сырты күмістен жасалған ыдыстың ішіне алтын жалатылыпты. Сондай-ақ, «Грчевъ» деген жазу бар. Бұл ұстаның тегі болса керек.

– Сонау 1932 жылғы ашаршылықта ел бас сауғалап жоғарыға үдере көшкен кезде үлкен атамыз бен әкеміз қызын амалсыздан балалар үшін өткізіп жіберген екен. Бір таңданарлығы, баласын қалдырса да өзімен бірге көне жібік шапан мен алтын жалатылған құтыны тастамапты. Ташкентке барғанда да сатпай, елге қайтып келген. – дейді қарашырақтың келіні, ақ жаулықты ана Әсия Хамзаққызы.

Бүгінде сол елге өздерімен бірге ала келген жәдігерлер көнеңі көзі болып, төрінде сақталып тұр. Бұл күнде сол уақыттан өстелік болып қалды. Ал, алтын жалатылған құтыдан әрбір мереке сайын әулет мүшелері жиналып, ырымдап су ішеді.

– Бұл шапаның кендігі де едәуір үлкен. Кенде біз кейінгі адамдар аласарып, ұсақталып бара жатқан жоқпыз ба деп ойланамын. Киіп көргенде кәдімгідей ішіне сүңгіп кетеміз. Иә, осындай бір ерекше құндылықтарды алып қойдық. Бұл – ұрпаққа мұра, бабадан – аманат, – дейді қарашырақ перзенті Талғат Ыдырысов.

Дәулет ҚЫРДАН, Сырдария ауданы.

КОМИКСКЕ БАЛАЛАР ҚАТТЫ ҚЫЗЫҒАДЫ

Ең үздік идеяға – 500 мың теңге. 24 сағат ішінде жаңалыққа балалар жақсы идея айтып, оны жүзеге асыру жолын ұсына білген үздік жастарға берілетін гранттың көлемі осындай. Қызылордада дамытып, ақылы қалаға айналдыру жолында не істеуге болады? Қандай идея ұсынар едіңіз?

Мысалы, бүгінгі кейіпкеріміз – София есімді иллюстратор қыз. Жақында оқушылар мен балаларға арнап комикс кітап шығарды. Жақында «Qyzylorda» инновациялық идеялар фестивалінің «Контент&Медиа» секциясының жеңімпазы болған дарынды жастың «Cyber City хикаялары» атты комикс кітабының тұсаукесері өткен болатын.

Идеялар фестивалі облыс әкімінің қолдауымен ұйымдастырылды. «SmartCity», «Контент&Медиа», «Кино&Видео» бағыттары бойынша 24 сағат ішінде идеядан прототипке дейін инновациялық жобаларды жасауды мақсат ететін іс-шараның басты миссиясы – «Ақылды қалалардың» эталондық стандартына сәйкес жобаларды анықтау, облыс тұрғындарының IT-саласына қызығушылығын арттыру және инновациялық IT жобаларды қолдау.

Айта кетейік, аталған шараға облыс әкімі аппаратының цифрлық технологиялар бөлімінің басшысы Сабит Ибадулла, «Жастар ресурстық орталығының» директоры Талғат

Тілес, «Қазақстан IT мамандары ассоциациясы» директоры Нұрлан Құлмыраев және білім беру ұйымдарының өкілдері мен оқушылар белсене қатысты.

Өз кезегінде кітаптың авторы «InnoFest» Qyzylorda инновациялық идеялар фестивалі секілді байқаулар үлкен мүмкіндіктерге жол ашатынын атап өтіп, ұйымдастырушыларға алғысын білдірді.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев кітап оқу мен кітап-

Қызылорда қалалық орталықтандырылған кітапханалар үйіне қарасты №19 кітапхананың қорына, еріктілер ұйымының мүшесі ретінде Қызылорда облыстық мүддегертер қоғамы, «Жылы жүрек жастар» қоғамдық қорына сыйға тартты.

Аталған кітапты қаламыздағы «Kitapal» дүкенінен сатып алуға болады.

500 мың теңге қаржысына өз идеясын іске асырып, виртуалды ортамен қауіпсіз байланыс дағдыларын дамытатын кітапты алғаш



ханаларды қолдау қоғам дамуының басты міндеттерінің бірі екенін айрықша атап айтты. Cyber City хикаялары» комикс кітабы – тынымсыз ізденістің нәтижесі. Бұл туынды балаларға қауіпсіз киберкөрсеткісті бақылау арналған. Алдағы уақытта кітаптың басқа да белгілері жарыққа шығатын болады. Идеямның үздік шыққанына, балаларға арналған қазақша контентті жасауда титімдей үлесім барына ерекше қуанамын.

Тұсаукесердің қадірлі қонағы болған Сағатбек Қуанышбайұлына алғысымды білдіремін. Жастарды қолдауға күш салып жатқан облыс басшысына да алғысым шексіз! – дейді иллюстратор қыз. Сондай-ақ София комикс кітабын

Әлемді бағарлау. 24 сағат жұмыс істейтін идеялар бәсебегі бір сағат идея тарихы. Мәңгілік ел идеялары. Уақыт талабына сәйкес, жастардың үніне құлақ түсетін қоғам қалыптастыру мақсатында өңірде жыл сайын «InnoFest» инновациялық идеялар байқауы ұйымдастырылады.

жазып шыққан

сырбойлық ару комикс кітабы балаларды интернеттегі қауіпсіздік ережелерімен, жаңа терминдерден хабардар болуына, ақпараттық мәдениетті жетілдіруге көмектесетін атап өтті. Айта кетейік, 500 данамен шығарылған кітап қала мектептеріне тегін таратылмақ.

Аделина МӘДЕЛХАНҚЫЗЫ

Ақмешіт жастары

Жұлдыз Жорамал (13 – 19 сәуір)

Тоқты
Махаббатта жолыңыз болады. Тек жүрегіңізді тыңдаңыз. Қаражат жағынан қиындық туындауы ықтимал. Сондықтан қаржыңызды үнемдеп жұмсаңыз. Жұлдыздар көп серуендеуге кеңес береді.

Торпақ
Сізді маңызды кездесу күтіп тұр. Сондықтан жүрген жүрісіңізге де, иген кіміңізге де аса мән берген жөн. Қызметіңіз жоғарылап, көп жетістіктерге жетесіз. Дегенмен жақсылық жасаған адамдардың қадірін біліңіз.

Егіз
Аптада жоспарыңыз түгелдей орындалады. Сол себепті уақытты үнемдеген жөн. Сізді ерекше мүмкіндік күтіп тұр. Сондықтан барлық жақсылықты қуана қабылдай біліңіз.

Шаян
Батыл әрі нақты сөйлей біліңіз, бір нәрсені ойға алсаңыз, оны міндетті түрде орындауға тырысыңыз.

Арыстан
Айлыңыз оңынан туып, жұлдызыңыз жарқырайтын күн алыс емес. Жақындарыңыз қолдау көрсетіп, өзіңізді тағы бір қырыңыздан көрсететін кез тұды. Егер сіз осы бетіңізден таймасаңыз, аз күнде биіктен көрінетініңіз анық.

Бикеш
Жоспарыңыздың көп бөлігі орындалайын деп тұр. Егер тырыссаныз, керемет жұмыс тауып қалуыңыз мүмкін. Жақын жандардан да көмек сұраған жөн.

Таразы
Жақыныңызға сізден көмек керек болады, сондықтан қасында болғаныңыз жөн. Егер бір кездесу бола қалса, ол сіздің өміріңізді өзгертуі мүмкін. Апта соңында күтпеген тосын сый болғалы тұр.

Сарышаян
Қаражат жағы қалтаңызды жұқарту мүмкін. Қиындық туындауы ғажап емес. Жақын арада жиналған мәселелерді шешуге тырысыңыз.

Мерген
Айналыңыздағы адамдардан еш қорықпай, батылдық бола түсіңіз. Сізді ешкім де қорқытып, үркіте алмайды. Ойыңызға келген мақсатты нақты жоспарлап, орындай біліңіз. Жаныңыз қалаған нәрсені жасауға тырысыңыз.

Тауешкі
Өз күшіңізге сенесіз, әлі талай белесті бағындырасыз. Тек жоспарды бір пысықтап алыңыз. Отбасылық демалыстың сізге тигізер пайдасы зор болмақ.

Суқұйғыш
Бұл аптаны отбасыңызбен өткізіңіз. Жұмысты, жоспарды ысырып қойып, жақындардың қасында болыңыз. Өмірдің қызығын сезініп, отбасылық жылудың қадірін түсініңіз. Апта сіз ойлағаннан да қызықты өтеді.

Балық
Көп уақытты серуендеп, көңіл көтеруге арнаңыз. Қиын күндерді ұмытып, жаңа күнге жаңа көзқараспен қараныз. Бұл апта сіз үшін өте маңызды, сондықтан шешімді асықпай қабылдаңыз.

Көзкеші редактор: Д.ҚЫРДАН

Ақмешіт жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеу алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢАРБАЕВ	Газет өр аптанын бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 7742/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 17242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.	Таралымы: 6931 Тансырыс: 586
Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10	Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz	
БАС РЕДАКТОР Мелдір ҚАЛЫМБЕТ		